

11.09  
28 213 с

Акжан аз-Машин

АЙДЫН  
АЙДАМАЛАРЫ







**АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ**

**КӨП ТОМДЫҚ ШЫГАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ**

**ТОҒЫЗЫНШЫ ТОМ**

**Редакциялық алқа:**

*Әділов Ж.М., Сүлеев Д.К., Абдраман Ш.А.,  
Кененбай Ы.С., Машанов Ә.А., Сыдықов Ұ.С*

**“Алатау“  
баспа-полиграфиялық  
корпорациясы  
Алматы 2008**

АІДАМЫСАНАЖЫ



“АІДА”  
Орталық ойнадағыштар  
жарыс майданы  
Астана

**АҮҚАН ӘЛ-МАШАНИ**

**АЙДЫН**

**АЙАЛДАМАЛАРЫ**

M32

ББК 87.2 Қаз

М32

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің мемлекеттік  
бағдарламасы бойынша шығарылды

**М32 Машани А.Ж.**

**Айдың айалдамалары**.—Алматы: “Алатау” баспасы, 2008 ж.—296 б

**ISBN 9965-807-26-4**

Уақыттың өлшемі де, адамның болмыстық тіршілігі де  
Аймен астасып жатады. Фалым *АБЖД* есебі негізінде аспан  
танымның қазақ ұғымындағы ғылыми және діни негізін Фараби  
қағидаларына сабактастыра түйіндейді.

Китап көпшілік оқырманға арналған.

*Китапты құрастырган және жалпы редакциясын қараган*  
*Ш.Абдраман*

**ББК 87.2 Қаз**

**ISBN 9965-807-26-4**

© “Алатау” баспасы, 2008  
© Әл-Машани А.Ж. 2008  
© “Әл-Машани” ХҚҚ, 2008

## **САННЫҢ САНАЛЫҚ САНАТЫ**

*(Алғы сөз орнына)*

Құран Қәрімнің 2-Бақара (Сиыр)-өркеш сүресінде Адамды жаратып ойлайтын ақыл берді, саналы етті... Сол өркеш сүренің Сиыр (Бақара) атануы және екінші тұруы тегін бе? Еске алайықшы-әлемдік аспан таным ғылымның әліппесі іспетті Зодиак шенберінің екінші жануары бұқа (сиыр) емес пе. Ол бір, тіптен қазақтың мүшел есебінде де Сиыр жылы екінші болып келеді. Неге?

Күні бүгінге дейін қайсыбір болмыстық құбылыстарды тануда оның сандық санатын қоса қолданатынымыздың себебіне байыпташ караң көрдік пе?! Мысалға «3», «7»-тәрізді қасиетті сандар бар: *ер кезегі үшке дейін, жетісін беру, жетігে дейін жерден таяқ жейсің деу, жетіскеннің жеті әлібі деу, итті жеті қазынаның бірі санау, сондай-ақ «Қырықтың бірі-Қыдыр» деу, нәрестені қырқынан шыгару, марқұмның қырқын беру т.б.*

Күнбе күн қолданыста болмыстық құбылысты тануда қосарлай қолданылатын қасиетті сан санатында - 1, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10...100...1000-сандарды да атауға әбден болар еді. (4-еу түгел болса...пешене (бес ене), 6-ау ала болса, 8 сері, 8 қырлы... үйірінен үш 9, 100-ге жет...т.б.).

Бұл айтқандарымыз ғұлама Ақжан Машанидің «Ай аялдамалары» еңбегінің бірінші бетінен бастап, кітаптың өн бойында әріп таңбаларындай, көбіміз мән бере бермейтін, бірак болмыстың кейбір зандылықтарын тануда оның құпиясына қануда санның мәндік сырын ашатын амал-әдістердің жетегіне жегілгендей күй кештіреді. Бір сөзben айтқанда болмыстық заттың мәні мен қатар оның сандық санаттық қасиетінің болатындығына иланасын. Дей тұрсақта көбіміз қоршаған орта

алтың мәнімен ғана танылатындаі көрініп, оның құбылыстық күрылымындағы сандық санатымен сабактас қасиеттерін көбіміз аңдай бермейміз.

Осыдан келіп, біз қунделікті істе, тіптен ғылыми тұжырымдауда да заттың сандық санатын қолдана жүріп оған қасиеттік сипат беретін белгілері мен заттың түсі, оның физикалық құйінің тікелей сандық мәнімен сабактастыра отырып неге деген сауал койып жатпаймыз. Мысалы санмен ғана өрнектелетін химиялық элементтердің атомдық салмағы мен валенттілігі арқылы оның химиялық, физикалық, тіптен механикалық және құрылымдық қасиеттері көрсетіліп жатады емес пе?!

Күнделікті тәжірибеден біз қара түсті нәрсені ақ затпен шатастырмайтынымыз тәрізді, санмен ғана сипатталатын зат қасиетіне басқа санды бере аламыз ба. Эрине, жок. Демек, заттың сандық сипаты оның болмыстық орнын, маңызын ашатындығының санамызды дамытудағы зор мәнін көрсетсе керек. Осы ретте ұлы бабамыз Әл-Фарабидің Ақжан Машани тәжірімдеген бір ауыз өлеңі еске оралады:

*«Сан берген сана берген, санат берген  
Инсан деп саналығы ол ат берген  
Жаратып жалғыз нұрдан барша әлемді  
Жаунари нұр сәулесін тарат деген».*

Сан сөзінің Мұнда-сананың да, санаттың да түбірін құрайтындығы көп нәрсені анғартса керек. Екіншіден ұлы бабамыздың осынау бір ауыз бәйті Өркеш сүре «Бақараның» 31-34 аяттарының басты ұстанымын ашып беретіндей әсер де қалдыратындығы күмәнсіз.

Бүгінгі казак ғалымдары арасында ғылыми ислами ұғымын алғаш айтушы А. Машани десек, бұл Әл-Фараби есімімен сабактасатындығынан екендігін үнемі есте ұсташа керек сияқты. Бірде рухани ұстазым Ақжан ағадан: «Ғылыми ислами Әл-Фарабидан бастау алатын болар?» деп сұрағанымда: «жоқ - деген ғұлама: Әл-Фараби ғылыми исламида дамытудағы шоктығы биік түлға» деген-ді Ақжан аға - Ғылыми исламидің негізі АБЖД есебімен салынған. АБЖД-ты алғаш қолданған

Адам (ғ.с.). АБЖД - пайғамбарлар есебі делінетіні осыдан»-деген-ді.

Әл-Фараби бабасының Отырарлық Қыпшак руынан екенін алғаш дәлелден, бүгінгі казақ қауымымен қауыштырған А.Машани бабасының мұрасын жан-жақты зерделеуші: Әлемнің екі ұстазының бірі Әл-Фараби ғылымы сан салалы. Демек, ұлы бабаның ғылыми өмірбаяны іспетіндегі Ақжан Машанидің «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» (Алматы, 2004) монографиясы Ақандай ғұламаға ғана жалынан ұстарат асау - тақырып екендігі дәлелді қажет етпейді. Және бұл Ақаның Фараби ғұрыпты ғалымдығына кепіл бола алады да. Бүгінгі заманғы қазақ ғалымдарының арасынан ғылыми ислами негізін Ақан АБЖД есебін игерумен қол жеткізгендігі де шындық.

Мұның дәлелі де, нәтижесі де окушы назарына ұсынылып отырған «Ай аялдамалары» еңбегі.

Аталмыш еңбектің бүгінгі окушысын тосын түсінігімен қинай тұра, ой-толғамын қамшылап, білсем екен деген талпыныс берер ізденіс өрісін есірер, өзіне тартып әкететін тың идеялық өзегі, әрі сонылығы танымдық көкжиегін сандар тізбегімен кеңейтіндігінде. Сонымен қатар кітаптың тағаттыз окушысын әдепкіде өзінен «жерітетіндей» қындығы да жоқ емес. Бұл қындық заттың сандық мәнімен зерделеуге төселеу дер едік. Бірақ кітаптың танымдылығы: бүтін ғаламның құпиясын ислами ғылымының кағидасын беретін «Құран Кәрімнің» аяттарынан ғалами занзылық және қазақ ұлттының танымымен ұштастырар сананы кеңейтер сандар сырнының ашылатындығында демекпіз.

Рас, А.Машанидің бұрынғы жарық көрген кітаптарында («Ай арысы» (1991) мен «Тас қола дәуірінің мирастары» (1996), «Әл-Фараби және космология (1999) АБЖД есебі колданылды. Бірақ мұның бәрі окушысын ізденіске баулу, нағыз АБЖД сөзін ұғынуға шақыру, даярлау екен. Ғалымның «Ай аялдамалары» сол даярлықтың алғашқы емтиханы окушысы - ұфымын сынау санаты тәрізді.

«Ғылымда, өнерде, дінде тарихта, табигатта жүрген... түсініктер арасында тамаша сәйкестіктер бар... Аллақ қаласа осы мәселелерді топтастырып қараяу... жинақтау...

бұл астрономия ғылымында қолданылатын АБЖД есебіне жетады... Осыдағы бастау-халқымыздың мүшел есебіне дәл келетіндегі, екіншіден АБЖД бірден 60-қа дейнегі сандардың әрпімен берілуі астрономияда қолданылатын шеңберлік алтыстық есептеудің қолайлы болатындығы» дей келіп ғұлама-халқымыздың ежелден келе жатқан жыл қайыру, мүшел қайыруын АБЖД-тағы колданысымен бастайтыны айтарлық дұрыс шешім екендігі шұбаландырмайды.

Кітаптың лейтмотивіне айналған автордың осы ұстанымын окушы еңбектің әрбір тарауынан кезіктіріп отыратындығы да тағылымды сандар табиғатын ұғудағы сәтті қолданған амал демекпіз.

Жаратушының хактығына шұбә келтірмеген Абай дана: Құдай сөзі - Құран Кәрімнің растығына шұбаланбайды. Демек Құдай сөзін үтіріне дейін сақтап, ешбір өзгертуге ұшырамауын қадағалау ғаламды Жаратушысының құдышретіне, оның мұғжизасының сырында жатса керек. Олай болса сүрелерінің атауын айтпағанда олардың реттік санының өзі АБЖД тілінде зор мұғжиза екендігінің «Ай аялдамаларының» алғашқы беттерінен көрініс табуы тегін емес. Осы ретте Ақжан хазреттің авторлық құқығына жататын 57 «Әл-Хадид» сүресінің мұғжизасына тоқтала кету ләзім.

Құранның сүрелер саны 114. Неге? Бұған жауапты кітаптан қануды окушыға қалдырып, сол сүрелердің дәл ортасынан орын тепкен 57 «Әл-Хадидтың» кездейсок еместігіне, яғни Ақаң ұсынған қағидалық тұжырымға құлақ тұрмеу мүмкін емес. Және Құранда «Бәрінің ұстінде 19» деген де аят бар. 19- : «Бісміллаһір Рахманір Рахим» деп әрбір сүренің бастайтын Бас батаның әріп саны-19. 114-те 57-де сол 19-ға бөлінеді және Әл-Хадид Құранның қак ортасында тұр, былайша айтқанда Ақжан хазреттің мұны тұра мағынасында жүрек сүресі деуге әбден негіз бар.

«Хадид» – арабша темір. Егер арабша атау әріпперінің реттік сандарын  $x=8$ ,  $a=4$ ,  $i=10$ ,  $d=4$  қосар болсақ жиынтығы - 26. Кітапта ғылымда темір саны делінетін анықтауыш тағылған осынау санының автор қолданған барлық «камалдарында» кездесіп отыруының себебін ашуды окушыға қалдыра тұрып,

бұның бүгінгі табигат ғылымында нені білдіретіндігіне келейік.

Барлық химиялық элементтердің ішіндегі сұ мыйтысы және барлық элементтердің өзгере келе тұрақтайтыны темір элементі екендігі дәлелденген қағида. Яғни сөнген жұлдыздардың термоядролық реакциясының соңғы элементі темір. Темірдің мыйтылығы - атомдық торының текше тәріздес болуында. Бұл да дәлелденген. Сонау ықылым заманнан бері жердегі заттарды төрт топқа жіктеп: *су текті, жасел текті, от текті және жасер текті* топтар деп бұған қоса жұлдызы текті эфирдің де рәміздік белгілерін геометриялық (үшкіл) фигуранарымен меншіктелетіндігі белгілі. Соның арасында жертекті зат үшкілмен емес *текишенен* белгіленген. Текше табигаты мыйтылық. Қағба қара тасының рәміздік белгісіне тәнірдің текшелік сипат берілуі тегін болмаса керек. Енді сол текше бұрыштарының төбесін-8, кабырға жақтарын-6 мен 12-қырларын қоссақ жиынтығы -26 шығар еді. Екіншіден Темірдің периодтық жүйедегі орны - электрон саны да 26. Егер темірдің қызыл қан түйіршіктері *гемоглобинде* құрайтындығын ескерсек «Темір» (Хадид) сүре жүректік орнының да, болмыстық қасиеттерінің сипаты 26 санмен сабактастығын анғару қын емес. Міне, АБЖД-ты колданып қазақ перзенті А. Машанидің ғылыми исламиның ашқан жаңалығының бір тұсы осындай.

Егер «Ай айалдамалары» кітабының басты ұстанымы санның санаттық мәні арқылы дүниетанымдық ғылыми ислами қағидаларының дамытылуы десек, А. Машани тұжырымдық мәніне де шұбалану әбестік болар еді.

Енді АБЖД есебінің мәні не деген сұрақта автордың «Ай арысы» (1991), «Тас қола дәуірінің миастары» (1996) кітаптарындағы берген анықтамаларына арнайы тоқталып жатпай, оны алған тақырыптарды ашу барысында кірістіріп отыруы дұрыс шешім демекпіз... Демек, кітаптың басында 28 арап әріптерінің 4-тен және 3-тен сегіз топқа жіктеліп, олардың әр қайсысының, мысалы алғашқы топтағы 10 әріптің, яғни бастапқы төрт әріппен АБЖД – 10 әріпке 1,2...10 дейін сан меншіктелетіндігі, келесі төрт әріп тобы һауз делініп 20, 30... 50 тәрізді ондық санға ие болуы, одан кейінгі хути

тобы – әрінгері 60, 70... 90; одан кейінгі *кіламан* – 100, 200 . . . болып, *сөғс* – 600, 700 . әрбір топтағы әрінгердің реттік саны он еселеңе барып, *кришт*, *схл*, ал ең соңғы *еттә* – 800, 900, 1000 бітеді. Яғни соңғы 28-әріптің саны 1000 болады.

*АБЖД* есебінің атауына айналған алғашқы топқа енетін торт қарып барлық әліппелер бастауы. Олардың меншіктеген сандары а-1, 6-2, ж-3, д-4. Косындысы  $1+2+3+4=10$  10 кәміл саны - аспан саны делінеді. Себебі келесі екі, үш... т.б. орынды сандардың қайсысының болмасын санаттық мәні осы 10-ға дейінгі сандардың қайталануы арқылы анықталып жатады смес пе?!

Пайғамбарлар тарихында *АБЖД* жөнінде мынандай түсіндірме бар: А – *Адами* ғибадат, Аллаһының берген нығметі; Б – *Башарат*, ғибадатты адамға зор бақыт - сүйіншісі, Ж – *Жаңауету* адами міндет; Д – *Даламат* табу адамға міндет. Осындағы мағынада әрбір топ атауының өзіндік түсінігі бар, мысалы *науз* - Адам атаның бидайды жеп, күнәлі болуы, *хұти* - оның *Жаратушысынан* кешірім сұрауы, т.с.с. түсініктер.

Адам баласына аспан – Көк ортақ, Күн (жұлдыз) ортақ, Ай ортақ. Демек, адамзат ғылымының бастауы аспан денелерінің козғалысын бақылаудан басталуы осыдан. Соған мысал қазақтың дүниетанымы - жыл мезгілі мен мүшелдік есептері.

Аспан денелерінің ішінде сонау ықылым заманнан бері адами тіршілікте ең маңыз алатыны Күн мен Ай. Тіршіліктің болмыстық санатын: «*күн көру*», «*күнелтіс*» деп жататындығы, ал «*аспанда Ай болмаса адасасың*» деп өлеңге косуымыздың басты себебі қараңғыда жол таптай жатуымыздан гөрі, уақыттан шатаспайтындығымызды көрсетсе керек. Айдың аспандағы әрбір 25-30 тәуліктегі әр түрлі жұлдыздар түсынан көрініс беруі, яғни Айдың аялдамалары уақыт өлшемінің айнымас таразысы десек те болғандай. Демек, астрономия ілімінің ең озекті мәселесі, тіптен жұлдызнамалық сәуегейлік болжауға дейінгі құбылыстар Ай айалдамасымен сабактас жатуы қазақтың мүшел есебінің құрамдық құрылымы демекпіз.

Кітаптың бірін-бірін туындағып, бір такырыптан келесіге өтегін тұжырым желісінің ислами ғылымының тізбегін, құрайтын жалғас-жалғас көкген бүршағындағы ойды даралап

түйіндейтін 42 тарау тақырынтар атауларының озі бірден қызығушылық туындастай коймайды. Мәселен «Тұран қақпасындағы жинақесеп» – бастау тарауы ғұламаның ұстанған бағытының айқындығын анықтап береді. Сол 42 тақырыптық тарауды шолып өткеннің өзінде «Айдың аяны- Алланың баяны», «Қырық күн шілде», «Айдос», «Қап тауы- Каф тауы», «Торт таған мен Темір Қазық», «Пешене үшкіл», «Алты Алаш Абай елі», «Арыстан бап», «Жер Көк -Жоргек», «Қос барабан» – ежелден ескірмей бізге жеткен түсінік ұғымының сандық санаты мен діни ұғымы окушысын бейжәй қалдырmasы анық.

Еңбектің бірінші тақырыбында берілген «Мүшел жинак» кестесі мен «Тұран Қақпасы» аталатын кескін жеті Көк пен Ай аялдамасына айналып, оның күндік және түндік мекенін көрсетілуі он қол, сол қол саусактарының - 10 тарамы және қос білектің солы – Күн, оны - Ай болып таратылуы қазак ұғымындағы 12 мүшелдік 12 жыл санау мен 12 айлық жыл мезгілі тізбегіндегі аспантаным ғылымының сабактастығын ашып береді. Және Айың тусын оныңнан, жұлдызың тусын солыңнан батаға тірейді. Жеті Көк, олардың металл аттары, әрбір Көк пен оларға меншіктеген сол металдар атауының сандық мәндері мен периодтық кестедегі олардың реттік саны Құран сүрелерінің реті мен оны құрайтын әріптердің сандық жиынтығы зерделі окушыға: олардың арасындағы сәйкестіктері Фаламды Жаратушының құдыретін, оның мұғжизалық сырын ашатында мағлұматтық нышандарын аңғартуы – бәрі, бәрі сандармен негізделеді. Бір мысал Құран Кәрімнің 91-Шәмси (Күн) және 54 – Қамар (Ай) сүрелерінің реттік сандарының көбейтіндісі 4914 – перште атауының санын беретіндігі. А.Машани ұстанымында бұл зор мұғжиза, әрі оның мәндік дәлелі. Екінші мысал, Пайғамбарымыздың Меккеден Мәдинаға көшкен күні – мұсылман күтізбесі Ал-һижраның басы мұғжизалық санатында екен. Осы көштің көздеген мақсаты ислам шындығын көпірлердің араласуынан-бұзуынан сақтау еді. Демек Ақжан ғұламаның сандық санаттағы ұстанымы даярлығы мол окушысын бей-жай қалдырmasы талассыз. Кітап авторы осы Ал-һижраның яғни Пайғамбарымыздың астрономиялық-космологиялық «Мудар ал-Саратан» даңғылдың кесіп өтетіндігінің мұғжизалық

мөнін ашады. Мәсслен Мекенің ендігі 21°, ал Мадинаның 25° шамасында болса, Ал-Саратан белдеуінікі -23°27'. Осылардың катынасы Ибраһим (ғ.с.) 5/3 потасын берстіндігі және Ал-Нижра сипатындағы: Ал-Миғраж ғалами саяхат пен ал-Рахман+ал-Рахим ғибраттық сандар оның мұғжизалық қасиетін анықтай түседі. Егер Ай исламның бас белгісі болғанда, қазақ ұғымында оның орны. Үйі - мүшел Қоян, Шаян. Шаянды Қышқаш деп те айтады. Сонда Тұран Қақпасындағы Арыстанбап, Қышқаш бап – Күн мен Айдың орны болып шығады. Енді мұның оқушы танымдығын толықтырап географиялық мәнінс келейік. Ал-Саратан белдеуі ғылымды Жер бетінің ыстық және қоңыржай шенберінің жігі болып саналады. Бұл Жер шарының айналыс кіндігі Күн жолы жазығына тік емес  $63^{\circ}33'$  яғни  $23^{\circ}27'$  бұрыштық шамасында шалыс жатуынан. Оны ғылым тілінде «Мудар ал-Сарат-Саратан» (Шаян-Қоян) даңғылы делінетіндігі осыдан.

Кітаптың танымындағы бәрімізге ортақ Тәнір құрған 18 мың ғалами заңдылықтарды иландыра түсетіндігі. Мұндай мұғжизаның бәрі сүре сандары, көктер және оларға тәнті металл атаулары мен атаудағы әріп сандарының қосындылары – айрымдары және олардың өзара қатынастары-бір қарағанда әшейіндегі арифметикалық амалдар комбинациясы болып көрінуі мүмкін сандар. Бірақ сол сандар арқалайтын танымдық мысалдар: 7 хат Қектер-жұлдыздар әлемі, олардың орны мен көк жүзіндегі көріністеріне байланысты баяндалады. Қазақ ұғымындағы 7 аспан - 7 көк басқа да аспан денелері әлемдік аспан танымынан өзгешелігі жок. Егер аспан денесінің бір планетасы Жер десек, исламда мұны Аймен сабактаса қарастырылуы онша оғаш емес. Себебі біздер Жер тұрғындары ұғымында 1-аспан (көк) Ай делінеді. Мұның металы күміс (47), оның реттік саны-47. Осы тәріздес келесі көк Шолпан металы мыс (29), одан кейінгі Айқызы – Фұтырад (Меркурий) металы сынап (80), төртінші Күн, металы алтын (79), бесінші көк Арай (арғы ай) – Марс – Есеккырған, металы темір (26), алтыншы көк Шоңай (Юпитер) - металы қалайы (50), 7-аспан Санжар (Сатурн), металы қорғасын (89).

Ақжан хазрет осы мәліметтің бөрін сан өрнегімен табиги заңдылықты айқындаиды. Тінтен Эл-Фарабидің ерекше мән берген «Алхимиктер» үғымындағы ортақтықты да ашады.

Мысалы, басқа металды алтынға айналдыруды мақсат еткен алхимиктердің ғылымға қосқан үлесі аз еместігі.

Соның бір дәлелі мыс пен қалайыны косып түсі алтынға келетін жезді олар нағыз алтынға балағандығы. Расында да, мыс пен қалайының рет санын қосса:  $29+50=79$  алтын санын беретіні ғажап. Егер Шонайға тәнті асыл тас *лагыл* – корунд – рубин – сафир ол аллюминий тотығы  $\text{Al}_2\text{O}_3$ , десек, мұның минералдық санын олардың құрайтын элементтердің реттік саны мен валенттілігі арқылы шығарса болады екен:  $13*2+8*3=26+24=50$ . Демек Шонайдың металы мен асыл тасының сандары 50 ге тең болады. Бұл кездейсоқ па?! «Ай айалдамасында» мұның да жауабы бар.

Егер 5-6 мың жылдай бұрын Таң дәуірінен бастау алатын Қола дәуірінің адамзат тарихында қандай орын алғандығын ескерсек, сол дәуірдің керек-жарығы Қазақ жерінен табылуы үлттық дүниетным деңгейін анықтаса керек. Мысты жез деу сол дәуірден қалыптасып бүгінгі Жезқазған кенішінің атына айналған атау. Сол жерде *магадан* (руда) қазып жез қорытқан пештердің сақталып бізге жеткендігі де әр кез есте болғай. Алтайдағы ертеде қалайы өндірген кеніштің Қалба аталуы бәлкім қалайының атауын тудыруы да ғажап емес қой. Немесе Құран Қәрімде *Жер адамның бесігі ал Қок мекені* делінсе, осыдан келіп төсеніш жайалығын Жер десек, *Жер-қөк* деген сөзден «Жөргек» – үғымы шығып тұрғандығын Ақжан хазрет бұлардың да сандық мәнін бере отырып нәресте төсегінің атауында да аспандық астар жатқандығын дәлелдейді.

Демек, осындағы үғымдар *АБЖД* есебін ислам ғұламалары ғылымның барлық саласында қолданғандығынан демекпіз. Эл Хорезми «Алгебрасын» әріптердің сандық мәнімен берген. Эл-Фараби өзінің *геометриялық, оптикалық, механикалық, астрономиялық, сәулелеттік, музикалық* тұжырымдарында *АБЖД* әдісін кеңнен қолданған.

Мәсслен, Ислам тарихында Пайғамбарымыздың Тәніріне тілек етіп ұміттерін айту үшін 12000 сөз сейленді делінеді. Екінші жағынан Әл-Фараби *космологияга* арналған еңбегінде жұлдыз заттарының бір-бірімен араласуын (атылыс), одан соң бөлініп, қашықтауын (сууын) 12000 жылдық дәуірге балайды. Акжан хазрет сол әрекеттен ең берік темірдің пайда болуын *АБЖД* есебімен дәлелдейді.

Осы ретте космологиялық ілімінің негізін салған араб ғалымдарының, әсіресе Әл-Фараби қағидаларын көртартпа еуропацентристік ұстанымда Коперник, Кеплер, Галилей сынды ғалымдар үлесіне еншілеп, бейімделіп жататындығын да ескере отыру керек сиякты. Әсіресе, олармен Әл-Фараби қағидасының айтылу мерзімі алшақты 4-6 ғасыр бөліп жататындығын есте есте ұстағанымыз абзal. Сонымен қатар ұлы бабамыздың космологиялық ілімі тек Құран Кәрім аяттары ауқымында зерделенгендейді де ұмытпайық. Бірер мысал: Егер 67-Мұлік сүресінде: "... Алла жеті аспанды қабат-қабат жаратқан. Раббымыздың жаратуында еш мұлтік коре алмайсың" (3 аят) делінсе, 17- Пара сүресінде: «.. Алла түнді, күндізди, күнді және айды жаратты. Әр қайсысы өз айналасында (орбитасы- Ш.А.) жүзеді». (33 аят). Міне осы аяттарды дәлелдеген Әл-Фараби дананың космологиялық теорияларының ақиқатпен сабактығын анғару киын емес. Демек, баба ұстанымының ақиқаты Құран Кәрімнің аяттары болса, қолданған ғылыми әдісінің бірі *АБЖД* болғандығын есте ұсташымыз керек. Бұндай жәйттар Акжан хазреттің кітабында жаңа қырымен көрініс беріп отырады.

Әрине, ғылыми зерделеу әдістерін қарпайым түсінікке түгелдей айналдыру мүмкін шаруа емес. Оның бер жағында бүгінде қолданысы сиректеп кеткен аталмыш *АБЖД* әдістің санаға жете қоюы окушысына арнайы ізденісті қажет етеді. Демек, санның саналық санатасын қару еткен ғұлама кітабының бірден окушысын баурап әкетпеуі табиғи нәрсе деп білеміз.

Шынында да, қайсыбір окушыға есептеудің төрт амалын қолданып, санды тізе берудің әдепкіде жүейісіз көрінуі де

ыктымал. Бірақ ғұламалық ойлар қағазға түскен дс отыз шакты әріпті күр тізумен туында майтындаі, санаттық ой жүйесі де сандардың арқалар мәнімен айқындалатындығын еске сала кетпекпіз. Мұны А.Машанидің өзтұжырымын әрбір атаудың сан мәнімен сабактастыра, ортақ ұғым - болмыстық құбылыстың түсінік үйлесімімен түйіндеу үрдіс дер едік. А.Машанидің «Ай аялдамаларын» зерделей білген окушыға бұны байкау қын емес. Және әрбір сан тізбегін құрайтын атаулық-сандар кітап авторының «бұл темірлік, бұл сол металдық» деп сандарды қайта-қайта еске салып отыруы Ақаңның АБЖД-ты енді ғана игере бастаған окушы үшін пысықтау амалы деп білген ләзім.

Бұған мысал үшін кітаптың соңғы бетіндегі «*Yи-төртбес сүрелер*» деген тақырыпшадан мысал келтірейік. Онда «Қабырғалары-деп бұрын сөз болған: «Күн-Жер-Жұлдыз» атауларымен өрнектелетін үшкіл периметрлері:  $3+4+5=7+5$  теңдігін беретіндігі. (Бұл жерде хазрет «7-қайталаушы жеті, 5-пешене» деп пысықтап отыратын әдеттегі түсінігін «ұмытқан» тәрізді). Одан әрі:

«91-Құрандағы Ал-Шәмси (Күн) сүресінің реттік саныны оны еселең төрт (арбағ) саны болады. Арбағ мәні- 273 (әрине бұл “қайталау”).

Бұл абсолют көп жылу өлшеуі ( $T=273^\circ$ ) Онан кейін Аспан шырактарына - жұлдыздарға арналған бес сүрелердің қосындысы: 53-Жұлдыз (Нәжім сүресі), 54- Ал-Қамар (Ай сүресі), 55- ондағы аят саны және 55- Рахыман сүресі, 56- жұлдыздар орындары екендігін окушы өзі аңғарып отырады. Сонымен Айдың үш сандықреттегі сүрелерден Мысырушкілдің үш жақ сзыбық сандарынан шығады:  $3+4+5=12$  (Бұларда неге соңғы сандар алынады, бұл абжәд ережесі кітапта айтылады).

Ал, кітапта айтылғандай «Айдың АБЖД өрнегін еске алғанда  $(54+55)55=5995$ . Бұл сан теңдік түрінде жазылса болады дей келіп автор:  $x^2+54x+5995=0$  өрнегінен:  $x=27\pm82$  шығарады да  $X_1=-55$ ,  $X_2=109$  екендігін анықтайды.

Айтылған арбағ (төрт) санына жұлдыз орны-сүренің реті санын қосайық, деп пысықтап алған соң одан әрі Ақжан хазрет мына теңдікті береді:

$$273 \pm 56 = \begin{cases} 329 \\ 217 \end{cases}$$

мұндағы: «329-Ал-Рахман және 217-Темір Қазық жолының сандары...». Бір ерекшелігі мұндай «қайталаулар» оқушысын мезі етпейтіндігі, қайта болмыстық заттың мәнін аландамай сандық сипатта ұштастырап танымдықты көндейтері шұбасыз.

Ал 217-нің мағыналық мәні – Құс Жолының бір айналыс уақыты 273 миллион жыл болатындығы! Егер Алланың 1 күні біз үшін 50-100 мың жылға пара пар екендігін ескерсек, біздің Галактикамыздың - Құс Жолының жасын шамалауға да болар еді. Егер 41-Фұссилат сұресінде: Жерді жаратуға екі күн жеткендігін, ал жер жүзіндегілердің ризықтарын 4 күнде жасалғандығы, сосын тұтін тәріздес көкті жаратуға кіріскендік тәрізді Тәнірдің ғажайып ақиқаттың анғармай тұра алмайсын. Сол кезде екі күнде жасалған 7 көктің әрбіреуінің міндеттінің өзіне білдірілуімен». (8-12 аяттары) Құрандағы ғылымның ғажайып ақиқаттық нышандары көріне береді. Ал, 26-Ясин сұресіндегі: «... Құн белгіленген қолемінде жүреді... Тағы айдың орындарын өлишеп қойдық... Әрбірі Кокте жузетіндігі айтылады» 38-39 аяттарын оки отырып Осы тақылетті Қасиетті Құранның ғылыми негізін көрсетуді мақсат еткен кітапқа «Ай айалдамалары» деп такырып еншілеп, оны АБЖД көмегімен тәспірлеуі бүгінгі таңда тек А.Машани хазреттің ғана пешенесіне жазылған ақиқатка шұбаланбайсын.

Осынау ақиқаттың аныктығы: Акжан хазреттің сөзімен айтсақ Абайды оқып, алған тәрбиесінің арқасында Әл-Фараби бабасының мұрасын игеруде үш тірекке сүйенгендігін әр кез еске алу ләзім. Ақаңның сөзімен айтқанда ол - қазактың бай тілі, ол - ислам діні, ол - бүгінгі ғылым жетістіктері. Бұған ғұламаның «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» зерттеуіндегі (2004 және көптомдық жинақтың 6 және 8 кітаптары) ұлы бабасының ғылыми болмысының бүгінгі өз дәрежесінде зерделенуі. Себебі Әл-Фараби әлем дүниесінің кеңістігі мен эволюциялық даму кезеңдерінің бастауы бар, оны біртұтас деп қарастырып оны Күмбездік он сатыға жіктелуінің жүйелелігін даралап

береді. Олар алғашкы үш Кұмбез және 7 аспандық күмбездер. (бұлар: 7-аспандық Саңжар (Сатурн), 6-Шоңай (Юпитер), 5-Арай (Марс)-Ескеқырған, 4-Күн, 3-Болпан (Меркурий), 2-Шолдан (Венера)-Күмбездері және одан әрі-Айасты ғаламы, яғни Жер. Алғашкы үш Күмбездің әр қайсысының жаратушысына 12000 жыл үдайы дұға етіп тұруын Әл-Фараби болжауын және Күн жүйесінің пайда болудағы ғылыми гепотезаларды салыстыра келіп, Ақжан хазрет бүгінгі біздің ұғымыздағы космостың 4,5-5 миллиард жылдық жасының Әл-Фараби есебімен шамалас екендігіне көз жеткізген-ді. Ұлы бабамыздың осынау тұжырымы Құрандағы «...Ол Алла сендерге жерді тұрақ етті, көкті күмбез етті» (40-64) сүресінен туындағандығын айта кету ләзім.

Егер космостық бір күннің Құран Қәрімдегі Жердегі баламасын ескерсек, ұлы бабамыз жасаған ғаламның пайда болу мерзімінің дәлдігіне қайран қаласын. Сонда әл-Фараби болжамын жасауға қолданған әдістің бірі АБЖД есебі екендігі күмандандырмас еді. Демек, А.Машанидің «Ай аялдамасы» тәрізді зерттеулеріндегі («Әл-Фараби және Абай» да бұған мысал) «Әл-Фараби саны, Абай саны», «Ыдырыс саны» делінетін тұрақтыларды бүгінгі ғылымда қолданылып жүрген «Пуассон коэффициенті», «Ньютон тұрақтылығы», «Планк тұрақтылығы», «Фарадей саны», «Кулон коэффициенті» тәрізді сандар мәніндегі мәнге ие екендігіне күман тудырмайды. Демек, жоғарыда келтірілген «Құс жолының» Галактикамыздың бір айналысы 273 млн жыл болатындығы Құран Қәрімді мирас еткен А. Машани сынды Аллаһ құлышының ақыл силаған Адам ата ұрпағының бірі қазак перзенті екендігіне тәуба етейік дегіміз келеді.

Кешегі атеистік идеология зұлматынан ұлтсыздана бастаған халықымыздың тағы бір трагедиясы Ата діннен алыстай бастағаны да ауыр шындық еді. Демек, бүгінгі қазақ қауымы үшін Ата дініміздің тек қана шариғат жолын уағыздадаумен шектелуі ислам құндылығын аша алмасы айқын. Нарық қыспағында қалған қазақ ұлты үшін бірінші кезекте Ислам құндылығының ғылыми негізіне ерекше көңіл бөлінуі абзal. Осы ретте ғұлама Ақжан Машанидің ұлттық дүниетанымымен

сабактастыра каралатын Құранның ғылыми негізін АБЖД есебімен тәспірлейтін еңбектерінің маңызы ерен, әрі бұл өз жалғасын табары талассыз. Бірақ осылайша Құрани Кәрімнің ғылыми негізін түгелдей қамтылады деген пікір туындауы керек. Бұл ретте «Егер Рабымның сөздері (жазылу) үшін теңіз сия болса ... әлбетте Рабымның сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылатындығын» (18-Каһф сұресі, 109 аят) еске алсак А.Машанидің бұл еңбегі бүгінгі жаратылыс ғылым жетістігі негізінде қазақтың болмыстық дүниетанымы деңгейінде діні саутымызды қеңейтетін дүние болып бағалануы ләзім. Олай болса, құрметті окушы, А. Машанидің «Ай аялдамалары» Раббымның сөзін яғни «Құран Кәрімді» қазақ топырағында тәспірлеуде өз бағыт-бағдармен дараланатын және ғылыми исламидің озық улгісінде негізделген бірден-бір көпшілік окушыға арналған кітап санатындағы рухани дүниеміз деп қарауға әбден болар еді.

*Профессор Ш. Абдраман*

## ТҰРАН ҚАҚПАСЫНДАҒЫ ЖИНАҚ ЕСЕП

Ғылымда, өнерде, дінде, тарихта, табиғатта тарап жүрген көптеген тұсініктер арасында тамаша сәйкестіктер бар. Сонын бәрі сайып келгенде ғаламды Жаратушының құдіретіне, онын мұғжизасының сырына байланысты.

Осы салада Аллаһ қаласа біраз мәселені топтастырып қарауды алға қойып отырмыз. Арабша Жұмла жинақ деген сез, (оның көшіше түрі Жұмал). Осы тұсінік астрономияғының қолданылатын АБЖД (*абжәд*) есебінің бір түрі. Біз жинағымызды содан бастауды ұйғардық. Өйткені оның өзі біздің халқымыздың мүшел есебіне дәл келетін түрі бар, ол бір жағынан. Екінші жағынан әліппе (абжд) есебі басқа барлық ғалам, өнер саласына қатысады, жалпы ортақ нәрсе. Жұлдыз әлемі болса, ол да барлық адамзатқа ортақ зат. Сол себептен айтылған еңбек атын қысқаша Жинақтау (Жұмал) деп отырмыз. Арабша жұмал сандар тұсінігі бірден алпысқа дейінгі сандарды әріппен, яғни АБЖД (*абжәд*) есебімен беру. Оның өзі астрономияда қолданылатын шенберлік – алпыстық есепке қолайлы болып табылады. Ал енді біздің халқымыздың алпыс жылдық, ежелден келе жатқан жыл қайыру, мүшел айыру есебі бар екені белгілі. Демек, арабтардың астрономиясындағы АБЖД жинақ есебін біздің мүшелге тікелей қолдануға болады деген ой келіп, соны беріп отырмыз. Сонымен қатар мұның өзі барлық жағынан алып қарағанда білім беруде пайдалы, көрнекі нәрсе деп білеміз.

Сан орнына әріп колдану, яғни АБЖД есебі ежелден бар нәрсе. Ислам ғалымдары оны ғылымның барлық саласында колданған. Мысалы, әл-Хорезми өзінің алгебра негіздерін сол әріптердің сандық мәнімен берген. Әл-Фараби өзінің геометриялық, оптикалық, механикалық, астрономиялық, архитектуралық, музикалық есептерінде АБЖД әдісін толық қолданған. Кейбір сөздердің түсініктерінің өзі сол АБЖД әдісі бойынша аталған. Мысалы: баб (бап) есік, қақпа деген мағынада. *Арыстанбан деген секілді*. Осы сөздің өзі төрт бұрыш шаршы мағынасында-*екі де екі төрт, яғни төрт таған деген мағынада* ( $b=2$ ).

Еске ала кетелік, арабша 28 әріп сегіз сөзге бөліп, әр қайсысы санаттық қатарға қойылған. Олар мыналар:

$$\text{абж} - 1 + 2 + 3 + 4 = 10 = \text{دجبا}$$

$$\text{хауз} - 5 + 6 + 7 = 18 = \text{زوه}$$

$$\text{хути} - 8 + 9 + 10 = 27 = \text{ىطح}$$

$$\text{клман} - 20 + 30 + 40 + 50 = 140 = \text{نملک}$$

$$\text{сұғас} - 60 + 70 + 80 + 90 = 300 = \text{صفعس}$$

$$\text{күшті} - 100 + 200 + 300 + 400 = 1000 = \text{تشرق}$$

$$\text{сұхд} - 500 + 600 + 700 = 1800 = \text{ذخث}$$

$$\text{стұ} - 800 + 900 + 1000 = 2700 = \text{غضن}$$

Жұмал есебі бойынша алпыска дейінгі сандар-бір орынды және екі орынды сандар *бірлік* және *ондық* әріптермен алынған. Ондық әріп онынан жазылады, бірліктер солында. Мысалы: елу бір: 51 – ан – ن (n=50=ن). Женілдету үшін алынған бір ғана айырманы айта кетелік. *Бірлік* сандағы әріптерге *ноқат* қойылмайды: яғни 2 - ب, 3 - ح, 7 - س, 10 - ش. Нокаты жок болса 3 - ج мен 8 - ح бірдей болып шығады. Оны айыру үшін 3 - ح - тек басы берілген, 8 - ح - тұтас берілген, басқа өзгешелік жоқ. Тек ең ақырғы 60 саны есеп басы нөл болу керек. Сол себепті оны “С” демей В таңбасын қойған, бұл астрономиядағы жеті хат көктің ақырғысы зухал таңбасы болу керек. Оны жүлдyz жолының кергіш ізі бойынша көреміз (1-сурет-кесте). Осы үлгідегі жұмал есебін білмеген адам ислам ғалымдарын түсінбейді. Олардың еңбектерін оки алмайды.

№	АТТАР	ЖАКТЕР									
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Мұышқан	54	1	13	25	25	37	60	49		
2	Сыр	91	9	14	26	26	38		50		
3	Барс	53	5	3	15	27		59	39		
4	Қойан	52	5	4	16	28			40		
5	Ұлғы	41	53	9	14			55	29		
6	Жынан		42	54	5	18			30		
7	Жибек	31	43	55	7			60	19		
8	Қоқ		32	44	56	8			20		
9	МЕШІН	15	33	40	57	6		9			
10	Жілгүйк	22	34	46	58				10		
11	Діл	6	5	35	48	59					
12	Донбас		12	24	36	43		60			

1-сурет-кесте Мүшел жинақ (жұмал – جَمَال ) сандар

Басқасын қоя тұрайық, мысалы кешегі Ұлықбектің расытханасының ғалымы Али Күсшының “Есен кілті” (“Муфтақ ал – хисаб”) атты кітабында осы есеп қолданылған. Бір сөзben айтқанда АБЖД есебінсіз ислам ғылымын түсіну қынын. Осы есте болсын.

Біздің жұмал есебіндегі қолданып отырғаны алпыс жылдық мүшел есебі Шығыста ежелден қолданып келе жатқан түрінде алынды. Мұнда 12 мүшел тік тізімде, 10 аспап (екі қолдың онды-солды так-жұп бес саусағы) көлденең жолда – тәбеде. Олардың рет сандары және аттары көрсетілген. Осы екі жолдың (тік және көлденең) киысқан жеріндегі сан мүшел саны. Сол бойынша туған жылдың білуғе болады. Мысалы: Қоян – Шоқай 52, сіздің жасыңыз 52 болса, жылдың Қоян болғаны. Жұмал бойынша оның таңбасы ۱۰ (бн) мүшелге 7 көкті көрсететін саусактар қалай алынғанын 2-суреттен: *Tұран қақпасынан көруге болады.*

Мүшел жинақ кестесінде алғашкы үш жылдың үясында 54 – Ай, 91 – Күн, 53 – Жұлдыз суреттері койылған. Оның себебі 12 мүшел үш шаршыға бөлінеді ( $4*3=12$ ): Ай шаршы, Күн шаршы, Жұлдыз шаршы. Оларға койылған сандар 54, 91, 53. Бұлардың Құрандағы сүре сандары. Солармен, Тәнірім сәтін берсе тамаша есеп шығарамыз. Осы үшеуі осы реті бойынша қайталайды. Яғни, Ай шаршының бірінші бұрышы – 1 – Тышқан болса, екіншісі 4 – Қоян, үшіншісі - 7 – Жылқы, төртіншісі 10 – Тауық... басқалары да сол ретпен. Осы есеп бойынша үш шаршының әр қайсына неше мүшел жыл келетінін есептелең. Алдымен осы 1-кесте бетіндегі жыл саны қанша, соны есептелік Оның аты қанша болмақ, соны шығарамыз. Оның өрнегі мынау:  $60 (60 + 1)/2 = 30 (61) = 1830$ . Осы санның айтылған үш шаршыға қалай бөлінгенін көреміз.

Алдымен бұл шаршылардың Айлық, Құндік, Жұлдыздық болып бөліну негізі 2-сурет Тұран Қақпасында көрсетілген. Онда он қолдың білегінде 1 – Ай үясы, 4 – Мүшел Қоян. Оның баскы бұрышы 1 – Тышқан, үшіншісі 7 – Жылқы, төртіншісі – 10 – Тауық. 4 – Күн сол білекке орналасқан: 5 – Ұлу. Оның екінші бұрышы 8 – Қой, үшіншісі – 11 – Ит, төртіншісі 2 – Сиыр. Тұран Қақпа суретіндегі сзыылған шаршы Жұлдыз шаршы оның бұрыштары суреттен айқын.

Енді шаршылардың жылдарын есептейміз:

Ай шаршының бұрыштар саны:


$$1 + 13 + 25 + 37 + 49 = 125$$

$$52 + 4 + 16 + 28 + 40 = 140$$

$$31 + 43 + 55 + 7 + 19 = 155$$

$$22 + 34 + 46 + 58 + 10 = 170$$

$$\text{Жиыны:} \quad 590$$



$$\frac{\sqrt{5}+1}{2} = \begin{cases} a_4 \approx 1,618 \\ a_5 \approx 0,618 \end{cases}$$

$$\frac{a_4}{2a_5} = \cos 36^\circ = \sin 54^\circ$$

<i>Көктөр</i>	<i>Кол-қар</i>		<i>Мүшел</i>	<i>Қақпа</i>
1 Ай	Оң білек		4 Қойан	Қышқаш
2 Ай қызы	Бас бармақ	оң 3	Барс	Оң босаға сол
		сол 6	Жылан	
3 Шолпан	Сұқ қол	оң 2	Сиыр	Арыстан
		сол 7	Жылқы	
4 Күн	Сол білек	5	Ұлу	
		оң 1	Тышқан	
5 Арай	Ортан кол	сол 8	Қой	
		оң 9	Мешін	Сол мандайша оң
6 Шоңай	Атшақ қол	сол 12	Доңыз	
		оң 10	Тауық	
7 Санжар	Шынтақ	сол 11	Ит	

2-сурет.

Күн шаршының бұрыштар саны:

$$2 + 14 + 26 + 38 + 50 = 130$$

$$41 + 53 + 5 + 17 + 29 = 145$$

$$32 + 44 + 56 + 8 + 20 = 160$$

$$11 + 23 + 35 + 47 + 59 = 175$$

Жиыны: 610

Жұлдыз шаршының бұрыштар саны:

$$51 + 3 + 15 + 27 + 39 = 135$$

$$42 + 54 + 6 + 18 + 30 = 150$$

$$21 + 33 + 45 + 57 + 9 = 165$$

$$12 + 24 + 36 + 48 + 60 = 180$$

Жиыны: 630

Барлығы:  $590 + 610 + 630 = 1830$ .

Осы үш шаршының әр қайсысын жекелеп алғып, өз алдына есептер шығаруға болады. Біздің Тұран Қақпасы деп ат қойып, оған Жұлдыз шаршыны сыйып, соны қарастырып отырған себебіміз пайғамбарымыз Мұхаммед расул Аллаһтың сәлеміне байланысты Арыстанбап, әл-Фараби, Ахмад Иасауи үш әулие атымен байланысты: Арыстанбап, Отырар (Фараб), Түркістан үшеуі – Тұран елінің қасиетті ордасы.

Аспан ғылымы жағынан алғып карағанда Арыстанбап аспан қақпасының күзетінде. Демек, оның Көгін – Күн, Жұлдыз үйі 5 – мүшел Ұлу – Арыстан (Асад).

Көк шөмші – Жеті Қарақшының маңдай сыйығы арқылы Арыстаннан сығаласаң *Fatamның айналыс* кіндігін *Temir Kazıqты* табасың. Пайғамбар сәлемінің басы онда: сәлемсалам - سلام = деген сөздің сандық мәні болады:  $60 + 30 + 40 = 130 = 26 * 5$ . Міне сізге пешене бес парыз темір хадид (26). Тұран қақпасының көктөр санын караңыз: 2, 6, 6, 2 немесе 26, 62.

$$62+26=\begin{cases} 88 \\ 36 \end{cases}$$

Олардың *magadanдары*: 2 – көк Айқыздікі – *сынап* – 89, 6 – көк Шоңайдікі қалайы, осы екеуі болады.

$$80 + 50 = 130 = 26 * 5 \text{ (салам)}$$

Енді Тұран Қақпанаң жаңадан салынған 2 – суреттегі түрін таныстыра көтөлік. Құн жолы шенбер он екі мүшелге болінген. Ол мүшелдер 12 кішкене шенберлермен белгіленген. Ол кішкене мүшел шенбер ішінде екі таңба, екі сан бар.

Үстіңгі таңба оң жақта мүшел атының белгісі – Орхон - Көк Түрік әріптерінің мүшел атының бас әріптеріне ылайықтап алдыны. Олардың екі рет келетіндеріне таңбаның екі түрі алдыны. Мысалы I – Тышкан, 10 – Тауық, бұларға орхон таңбасының Т әрпіне арналған екі түрі алдыны. Онда Тауыққа ұшқан құстарға ұксас түрі берілді, Тышканға жерде отырған түрі алдыны. Сол секілді Қоян мен Қой жөнінде және Жылқы мен Жылан жөнінде: Ж әрпінің ат тағасына ұксас түрін жылқы жылына алдық, кармақша түрін жыланға алдық. Сызықтың ортасындағы Темір Қазық белгісін Т және Қ әріптерінің Тышканға және Қоянға алынған түрлерінен құрастырыдық. Екеуін жалғағанда бейне компастағы магнит тіліне ұксас болып шығады. 12 – мүшелдің алынған таңбаларының сол жағындағы сандар олардың мүшелдік рет сандары. Біз Орхон – Көк түрік таңбасының мүшел жыл аттарына осылай алдынуын ұсынамыз. Бұл таңбаларды мен өзіміздің белгілі мамандардың енбектерін алдым. Маған осы жөнінде Алтай Сәрсенұлы көмекесті. Мүшел шенбершелердің ішінде айтылған таңбалар астында сол мүшелге сәйкес көктөр таңбасы мен олардың оң жағында көктөрдің реттік сандары қойылды. Көктөрдің таңбалары ислам ғалымдарының (Берунидің, тағы басқалардың) енбектерінен алдыны. Бұл таңбалар нагізінде қазіргі астрономия ілімінде қолданылып жүрген түрі. Тек кейбірінде, кейін кірген өзгешеліктері бар. Оны біз алмадық. Мысалы Шолпан таңбасында оның ұшы ертеде үшкіл болған. Оны батыс елі крешке айналдырған.

12 мүшелге екі қолдың қалай қалыптасқаны суреттен айқын. Онда оң білекте Ай, сол білекте Құн. Басқа 10 мүшел 10 саусаққа орналасқан. Осы орналасу ежелден келе жатқан нэрсе. 12 мүшел жұлдыз топтары тұрақты қозғалмайтын бекет орындары. Жет хат көк болса, олар керісінше ылғи айналыста болады. Сол айналыста әрбір көк мүшел бекеттердің бәрінде болып отырады. Ал мынау біздің суреттегі олардың орындары

олардың үйлері (ұялары) болып саналады. Сол бойынша Ай мен Күннің үйлері біреуден ғана.

1 – Айдікі оң білекте 4 – мүшел – Қоян, 4 – Күндікі сол білекте 5 мүшел – Ұлу. Бас бес көктің әр қайсысында үйлері екіден: оң қолда (тұнгі үйлері), сол қолда (күндізгі үйлері).

2 – Көк: Айқыздың үйлері бас бармақта: онында 3 – мүшел Барс, солында 6 – мүшел Жылан;

3 – Көк: Шолпанның үйлері сұқ қолда: онында 2 – мүшел Сыр, солында 7 – мүшел Жылқы;

5 – Көк: Арайдың үйлері ортан қолы онында 1 – мүшел – Тышқан, солында 8 – мүшел Қой.

6 – Көк: Шоңайдың үйлері: атшақ қолда, онында 9 – мүшел Мешін, солында 12 – мүшел Доңыз.

7 – Көк: Санжардың үйлері шынтақта, онында 10 – мүшел Тауық, солында 11 – мүшел Ит

Бұлардың бәрі 2 – сурет астында көрсетілген. Сол мүшел кестенің оң жағында Тұран Қақпаның төрт бұрышы көрсетілген және Қақпа ауызының күзетшісі көрсетілген. 1 – Ай – Қышқаш бап, 4 – Күн – Арыстан бап.

Қақпа бұрыштарының босағасы: 2 – Айқызыда, бас бармақта 3 – оң босаға.

Қақпа бұрыштарының маңдайшасы 6 – Шоңайда – атша қолда: 9 – сол босаға, 12 – оң босаға. Осы сандарды жеке жазып қаралық:

$$(3/2 + 6/2) + (9/6 + 12/6).$$

Мүшелдері:  $3 + 6 + 9 + 12 = 3(1 + 2 + 3 + 4) = 3 \cdot 10 = 30$ .  
*Оттырада отыз бап (ішінде) абжәд сандары.*

Көктер:  $2 + 2 + 6 + 6 = 16 = 4 + 12 = 2(1 + 1 + 3 + 3) = 2 \cdot 8 = 16$  (16 – Ара сүресі).

Екінші және алтыншы көктер сандарының арабша аттары: 2 – Ғұтарат (Айқызы), 6 – Муштари (Шоңай). Олардың сандық мөні: Ғұтарат 284, Муштари – 950; қосамыз:  $284 + 950 = 1234$ , тағы сол *абжәд* есесбіне келдік. Бұлардың ар жағында үлкен сырлар жатыр. Оларды аздап болса да түсіну үшін сурет бетіндегі қосымша белгілерді ескерелік.

Суреттің ортасында Темір Қазық тотбасының екі жағында жалауша екі қанат. Онда 54 саны екі рет жазылған. Олардың төбесінде онды-солды Ай орағы, ортасында  $108 = 54 \cdot 2$

Мұндағы ең басты нәрсе Айдын ғалам Айнасы, аспан нұры, ғылым басы екені Құран аяттарында бар. Ондағы Айдын (Ал-Қамар 54-сүре). Демек Ай орағының он-солды келуі Жаңа Ай (інірде көрінетін туысы он жақта, он білек) туатын және ескі таусыншық ай, шығыста таң алдында туатын (сол білек). Есеп басы осында. Екеуін қосқанда Қосай саны болады.  $54 + 54 = 108$ .

Бұл шындық - Хақ саны ( $\check{\text{ج}} = 8 + 100$ ). Бұл исламға жарылқап берілген молшылық саны ( $108$  – сүре Ал - Куасар). Ол сүреде үш аят, демек  $36 * 3 = 108 = 54 * 2$ .  $54/36 = 3/2$  немесе

$$54 \pm 36 = \begin{cases} 90 \\ 18 \end{cases}$$

$3/2$  - әл-Фараби бойынша Арай нотасы. Оның тегі темір. Демек ғаламның кіндігі Темір Қазық. Ол шындықтың - хақтың таразысы. Адамның аспан мекенін осылай түсінеміз. Адамның гадалатты жүргегін қозғап тұрған сол темір (гемоглабин). Осымен байланысты жұлдыз текстес заттардың бейнесін еске алайық. Ол бес бұрышты он екі жақты еді ғой. Осының өзінде мүшел есебі жатыр.  $5 * 12 = 60$ . Осы бес бұрыштың бұрыштары тағы сол хақ саны, яғни  $108^0$ . Оның өрнегі былай белгілі:

$$\frac{108(n-2)}{n}, \quad n=5,$$

$$\frac{108(5-2)}{5} = 108^0$$

Осы бес бұрыш бейнені Тұран Қақпаның мәндайшасына орналастырық. Оның бұрыштары кішкене қоңырлатылған шеңбер. Екеуі екі мәндайшада, біреуі сыйық төбесінде, екеуі Темір Қазықтың екі жағында. Осыған байланысты екі жақта салынған тік бұрыш үшкілдер бар, бұрыштары:  $36^0 + 54^0 + 90^0 = 180^0$

Бес бұрыштың кергіші шаршының жақтау сыйығы ( $a_4$ ). Бес бұрыш сыйығын  $a_5$  деп алсақ, екеуінің жатысы белгілі алтын қима-әулие қатысы, Әл-Фараби саны, яғни:

$$\frac{\sqrt{5+1}}{2} = \begin{cases} a_4 / a_5 = 1.618 \\ a_5 / a_4 = 0.618 \end{cases}$$

онан шығады:  $\frac{a_4}{2a_5} = \cos 36^0 = \sin 54^0$ .

Бұл қатынастың тереңінде тамаша табиғи сыр жатыр. Өйткені бесс бұрышты жүлдyz (аспан) тек бейнесі болғанда шаршы (текше беті) жер бейнесі. Демек айтылған қатысты жер мен көктің қатысы мағнасында қарauғa болады. Табиғат дүниесінде бұл қатынастың тамаша орны бар екені ғылымда мағлұм болып отыр.

Бұл мәселеге біздің бабамыз әл – *Фараби зор қоңіл болғен*. Мұндай қатынастың өзін сан мағынасында алып қарau керек деген пікір сол кісіден қалған қағида. Осы қатынасты ол кісі өзінің *архитектуралық* еңбектерінде *негізге* алған.

Осымен байланысты біз әулие үшкіл салдық. Оларды әзір коя тұрып, қақпаға ораламыз. Фаламның осы сынды сырныңа көзің жеткен сайын Құранның аяттарын терең түсінесің.

Осы ретте 15 – Ал –Хижр тас сүресінен мысал.

## ТАС СҮРЕСІНЕН ҒИБРАТ

Құран Кәрімнің ғажайып сырына адам ақылы жетпейді. Алайда, сондағы кейбір керекті – ғибратты нәрселерді адамға Тәнірім өзі білдіреді. Осы ретте 15 – ал – *Хижр-тас* деген сүреден кейбір нәрселерге қоңіл аудару қажет. Адамға ескерткіш ретінде кездесетін заттар көбінесе таста болатыны белгілі.

Сүре басы: “*Бұлар кітаптың және айқын Құранның аяттар*” деп басталады. Шындықты жинақтаған Құранның айқын аяттары деп өткен өмірден жәдірлі хабар айтпақ болды. Қарғыс алған шайтан таспен атылады.

*Ибраһим* үйіне келген періште қонақтар саны пайғамбар тарихында 12 болады, *Жебраиил*, *Михаиил*, басқасы он. Олар Лут қауымы әйкелерге жазалауға жіберілген. Олардың үш қаласы тегіс жойылған: Садум, Кадум, Арым-Палестина жері. Айқын қалдығы бар жол үстінде. Олармен қатар Салих қауым Самуд елі айтылады. Олар тастан қашап үй жасаған діңсіздер болған. Оларды сынау үшін тастан боталы түйе шыққан. Оның сүті халыққа нәсіп болған. Салих оған тимендер суды керегінше ішетін болсын деген. Оған көнбей түйені өлтірген.

Оның ботасы үш рет қатты шыңғырып, шықкан тасына кірген. Имансыздар жазасын тартқан.

Сол жазаланғандарды бірде тас иелері дейді (15 - сүреде), бірде арық (жер ошақ) иелері деп келеді (85 – сүреде, 4 аят).

Осы сөзді салыстырық:

رجح ا - ал – Хижир (тас) = 242

دوخ ال - ал – Ахдуз (жер ошақтағылар) = 646.

$$646 \pm 242 = \begin{cases} 888 = 24 * 37 \\ 404 = 4 * 101 \end{cases}$$

Олардан тік бұрышты үшкіл жасаймыз:

$$\frac{242}{646} = 0.37461 = \sin 22^0 = \cos 68^0$$

Онан шығарамыз:  $22*60 = 1320 = 132*10$ ; жүрек (қалаб), жеті (عَبْس). Бұл бір ойланатын нәрсе. Мұнда арық-жер ошақ деп отырған сөздің сандық мәні *tamur* (رُوْمَتْ) қозғалыс деген сөзben бірдей: *tamur* = 646 (67 ал – Мұлік сүресі), (16 аят). Онда да Жер сілкіну, Жанар тау атқылау, жай түсу сияқты апаптардан сендерді сақтаушы иелерің Тәнірім делінген.

Айтылған екі сүрені салыстырамыз:

$$85 \pm 15 = \begin{cases} 100 \\ 70 \end{cases}$$

Белгілі сандар: K = 100, 70 Ал – Миғарж.

Тас сүренің рет саны мен Тұран Қақпасындағы бес бұрыш жүлдіз *тек* санының әдемі байланысы мынау:  $15*36 = 540$

Мұның өзі де, әлбетте тегін емес. Тас та мирас деген мағынада. Соған дәлел ретінде сол 15 – сүреде айтылған бір аятты еске алайық:

[۸۷] ميظعل او نارقل اىن اشمالا نماعبس اكنيتا دقلو

[уа лақад итайнақа сабға мин ал – Масани уа Ал – Құранда ал – ғазим(87), яғни әлбетте біз саған қайталайтын жетінің және Ұлы Құранды бердік.

Кең мағынада алынған бұл барлық табиғат галамын жөне Үшін Құранды сыйладық деген мағынада, жарылқадық, молиылық бердік деген мағынада, Хақтың мағынасында (108 санға соғады).


Бұл санның тағы бір мағынасы арабша *میزان* - نازیم = таразы:

$$M = 40, I = 10, Z = 7, a = 1, H = 50;$$

$$40 + 10 + 7 + 1 + 50 = 108.$$

Тұран Қакпасының таразы тасы осы деп білеміз. Демек ол Қосқар (қарнайын)-қосай – тенеліс күні.

Мұны Тұран тасы мен, яғни Ахмед Иассауи тасы мен (иашм тасымен) байланыстырып қаралық. Ол тастың аты, құрамы, саны мынау: иашма - ماشی = 350



$$20*2 + \frac{12+26}{2}*5 + 14*8 + 8*22 + 9*2 = 40 + 95 + 112 + 176 + 18 = 441$$

$$\text{Оны былай жазайық: } 350 + 91 = 441$$

яғни Күн сәулесі түскен сәулесі – жанарлы тас. Осыған қосамыз тас (сат + алты) санын:

$$441 \pm 15 = \begin{cases} 456 = 19 * 24 = 38 * 12 \\ 426 = 71 * 6 \end{cases}$$

Ойлап қараңыз: 19 бас бата саны.  $24 = 12 * 2$  – Тәулік, мүшел саны, 71-Алғар – Құранда алты рет келген мұхаммадан саны (2, 3, 29, 30, 31, 32 сүрелер жиыны: 127). Онан шығады:  $15 * 24 = 360$ ,

$$127 \pm 15 = \begin{cases} 14 = 71 * 2 \\ 112 = 2 \end{cases}$$

Осымен байланысты Сұнбіле (Бикеш) саны  $71 * 2 = 142$ , Еңтарад – (Айқызы) Фараб саны  $71 * 4 = 284$  екені есте болсын.

Тұран Қақпасы Қағбаға жол ашады. 2 – суреттегі шаршы Қағбаның Алты жағының бірі деп білеміз. Оナン мынадай өрнек шығады:

$$137 \pm 71 = \begin{cases} 208 = 52 * 4 = 26 * 8 \\ 66 = 22 * 3 = 11 * 6 \end{cases}$$

$$137 * 4 = 548$$

Бұл Құранда айтылған асыл тас Ал – Якут(توق ایل) (саны:  $31 + 517 = 548$  (55-сүре, 58 58 аят). Ойлап қараңыз: Төніректің төрт бурышы, бүтін тәулік  $6 * 4 = 24$ . Ол апарар рахманға (55-сүре). Оның жалғасы 3 – сурет Пайғамбарлар өрнегі.

## ПАЙҒАМБАР ӨРНЕГІ


Фаламның ғажабына көз жіберген адам сол өрнектің тамаша үлгілерінен мирас қалдырыған Пайғамбарларға еріксіз оралады. Осы ретте біз 3 – суретті Пайғамбарлар өрнегі деп атадық. Сурет басында құрбанға шалатын мал таба алмаған адам *хажда үш* күн, кейін үйіне қайтқанда *жеті* күн ораза ұстасын, сонда толық *он* күн болады деген аяты келтірдік (2-сүре, 196 аят). Он екі мүшелдік аспан кестесінде осы сандар қалай орналасты мәселені осыдан бастадық. Үшінші мүшел Барс, арабша Жауза (Егіз  $\rightarrow$  زوج = 17, оның астында 2 – аспан – Басбармақ, он жақ, Ғұтарад – Айқызы. Бұл Ыұрыс Жұлдызы (Ал - Нармс). Тамашасы сол айтылған үш сан ( $3 + 7 = 10$ ) аспанда Ыұрыс үшкілі түрінде орналасқан. Яғни 3 – Ыұрыс бұрышынан (Ал - Нармстен) тұзу сызықпен 7 – мүшелге Жылқыға қосамыз, оның арабша Жұлдызы тобы Мизан – таразы (ناریزی = 108). Астындағы көгі 3 – аспан Шолпан. Онан кейінгі сан он, ол 10 – мүшел Тауық, арабша жұлдызы тобы Жади (Серке - جدی = 17). Астындағы көгі 7 – аспан Санжар. Мұны апарып 3 – мүшелге қосамыз. Сонымен үшкіл дайын болды.

$$\frac{3}{2} 17 + \frac{7}{3} 108 + \frac{10}{7} 17$$

